


ЖББ Шежін ОМББК
16 желтоқсан «Тәуелсіздік күні» аясында өтетін іс-шаралар жоспары

№	Тақырыбы	Өтілу формасы	Күні	Орындалуына жауапты
1	«Тәуелсіздіктің шежіресі» «Тәуелсіздік таңы мәңгілік»	Тарихи сағат 5-7 сыныптар 8-11 сыныптар	9.12.20	Тарих пәні мұғалімі Сагинбаев Р. Н. Байтукова А. Б.
2	«Өнерім саған, Тәуелсіз Қазақстаным!»	Әндер байқауы, 1-4 сыныптар	7-14.12.20	Тагаева А. К. Салахитденова Г. Т.
3	«Туы биік, тұғыры берік Қазақ елі»	Эссе байқауы 8-11 сыныптар	10-11.12.20	Мукашева Г. М. Жумабаева А. У.
4	«Тәуелсіздік-теңдігім, Елбасы - елдігім»,	Кітап көрмесі Мектеп дәлізі	7-14.12.20	Мектеп кітапханашысы Таубаева Г. К.
5	«Тәуелсіздіктің сырлы бояулары»	Сурет көрмесі 1-6 сыныптар	7-14.12.20	Хайршакова А. Ж.
6	«Мен Қазақстандықпын!» «Тәуелсіз елдің Ұланымын!»	«Жас қыран», «Жас Ұлан» ұйымдарына қабылдау рәсімі	8.12.20	Бектыбаева А. А. Батырова Ж. Н.
7	«Тәуелсіздік — ел бақыты!»	Сынып сағаттары 1-11 сыныптар	7-14.12.20	Сыныпжетекшілері
8	«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері»	Дөңгелек үстел 7-8 сыныптар	10.12.20	Мухамбеталиев Р. З.
9	«Елімні еркіндігі-Тәуелсіздік!»	Виртуалды кітап көрмесі 9-11 сыныптар	14.12.20	Таубаева Г. К.

7-14.12.20 аралығында Шежін мектебінде Тәуелсіздік күні аясында онкүндік жоспары жасақталып, шаралар жоспарға сай оздырылды.

7.12.20ж. "Тәуелсіздік күніне" орай мектеп кітапханашысы Таубаева Г. Қ. "Тәуелсіздік-теңдігім, Елбасы- елдігім" атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Кітап көрмесі еліміздің тәуелсіздік алған сәтінен бастап бүгінге дейінгі жүріп өткен жолы туралы қаламгерлердің жазған еңбектері мен тәуелсіздік жылдарында баспадан шыққан әдебиет туындыларымен қамтыды.

Көрмені ұйымдастырудағы мақсат – Ата-бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау, осы жолда тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың кемел саясаты мен ерен еңбегін де көпшілік қауымға таныту.



8.12.20ж. "Тәуелсіздік күні" мерекесі аясында өтетін "Жас Ұлан -жарқын болашақ!" атты қабылдау рәсімі өзгеше өтті. Жылма жыл "Жас Ұлан", "Жас Қыран" мүшелеріне салтанатты түрде галстук пен төсбелгісі тағылса, биылғы оқу жылында Сертификаттар табысталды.



9.12.20ж. Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Бұл күнге сан ғасыр бойы армандап жеттік. Тәуелсіздікке қан төгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізіп, елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қостық. 20 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелектерінен аман өткізіп келеміз. Барша қазақстандықтар үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша. Өйткені біз Тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді және ділімізді қайта оралттық. Мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт-дәстүрімізді жандандырдық. Тәуелсіз еліміздің шежіресімен таныстыру, оқушының бойына ұлттық рухты, патриоттық сезімді ұялату, туып өскен жерін, елін, Отанын перзенттік сезіммен шексіз сүйе білуге бағдар беру мақсатында мектептің тарих пәні мұғалімдері Байтукова А. Б. және Сагинбаев Р. Н. 5-7, 8-11 сынып оқушыларына "Тәуелсіздік шежіресі", "Тәуелсіздік таңы мәңгілік" атты тарихи сабақтарын өткізді.



ҚР Тәуелсіздігі күні қарсаңында мектеп кітапханашысы Г.Таубаева 9-10 сынып оқушыларына "Желтоқсан - тәуелсіздіктің бастауы" атты виртуалды көрме ұйымдастырды. Мақсаты: еліміздің Тәуелсіздігі үшін күрескен, бойында ұлттың рухы, Отанға, еліне деген патриоттық сезімі қалыптасқан жастардың өмірін болашақ ұрпаққа үлгі ету, тарихымызды таныту.



10.12.20ж. АӘД пәні мұғалімі Мухамбеталиев Р. З. 7-8 сынып оқушыларына «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері» атты дөңгелек үстел өткізді.



10-11.12.20ж. 8-11 сынып оқушылары аралығында «Туы биік, тұғыры берік Қазақ елі» тақырыбында эссе байқауы оздырылды. Мақсаты: оқушылардың бойына патриоттық сезімді ұялату, туған жерге, Отанға деген құрмет, тәуелсіздік туралы ойларын қалыптастыра отырып, өмірмен байланыстыра эссе жазуға баулу. Оқушылар эссені берілген тақырып негізінде жақсы, сауатты жазған. Соның ішінде тақырыпты ашып, терең мағыналы, толық қамтып жазған 9-сынып оқушысы Мурзағалиева Аружан. Оқушы талапқа сай эссені жаза отырып, тәуелсіздіктің қалай келгені туралы, оған өз пікірін қосып жазған. I орынды иеленді. II орынды 8-сынып оқушысы Жумашева Аяна мен 9-сынып оқушысы Наурызалиева Айсара алды. III орынды 10-сынып оқушылары Азбергенова Дильназ бен Муратов Дастан алды.




Сонымен қатар :

1-6 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіздіктің сырлы бояулары» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.

7-15.12.20ж аралығында Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету. Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу мақсатында 1-11 сынып оқушыларына "Тәуелсіздік- ел бақыты!" тақырыбында тәрбие сағаты оздырылды.



"Тәуелсіздік күніне" орай қашықтықтан ұйымдастырылған "Өнерім саған, Тәуелсіз Қазақстаным!" атты патриоттық әндер байқауы ұйымдастырылып, 1-4 сынып оқушылары белсенділік танытып қатысты.



Мектеп директоры

Г. Дуйсенова